

2022 жылдың қараша айында Халықаралық ақша аударымдарының жүйелері (бұдан әрі – ААЖ) арқылы 98,6 млрд. теңгеге 234,6 мың ақша аударымдары жіберілген. 2021 жылғы қараша айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны 14,1%-ға қысқарса, көлемі 4,1%-ға өсті. Осы жылдың қазан айымен салыстырғанда да ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 5,5% және 4,6%-ға төмендеуі байқалады.

Қазақстанның банктері және «Қазпочта» АҚ өзінің клиенттеріне Золотая корона, Western Union, ЮНИСТРИМ, Contact, Faster, MoneyGram, сияқты жүйелер және басқа жүйелері арқылы ақша аудару бойынша қызметтер көрсетеді.

ААЖ-ны Қазақстан халқы ел аумағында аударымдарды жүргізу және сол сияқты шетелге/шетелден ақша аударымдарын алу/жіберу үшін пайдаланады.

2022 жылдың қараша айында Қазақстан аумағында жүргізілген ақша аударымдарының үлесі ААЖ арқылы жіберілген ақша аударымдарының жалпы санының 6,7% және жалпы сомасының 5,1% құрайды. Шетелге жіберілген ақша аударымдарының үлесі тиісінше 93,3% және 94,9% құрайды.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ АҚША АУДАРЫМДАРЫ

ШЕТЕЛГЕ ЖІБЕРІЛГЕН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2022 жылдың қарашасында шетелге ААЖ арқылы 93,6 млрд. теңге сомаға 218,8 мың транзакция жіберілді. 2022 жылғы қазан айымен салыстырғанда жіберілген ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 3,8% және 4,8%-ға өскен. Өткен жылғы қарашамен салыстырғанда жөнелтілген ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 4,4%-ға және 7,5%-ға өскен.

Қазақстаннан шетелге жіберілген ақша көлемі бойынша алдыңғы қатарда келесі елдер: Түркия – 33,2 млрд. теңге (үлесі – 35,5%), Ресей – 23,1 млрд. теңге (жалпы сомадағы үлесі 24,6%), Өзбекстан – 17,6 млрд. теңге (үлесі – 18,8%), Грузия – 5,5 млрд. теңге (үлесі – 5,8%), сондай - ақ Қытай – 3,8 млрд. теңге (үлесі – 4,1%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	177,4	81,1%	62 446,8	66,7%
CONTACT	17,8	8,1%	19 368,7	20,7%
Вестерн Юнион	7,9	3,6%	6 135,3	6,6%
MONEYGRAM	2,1	0,9%	1 762,3	1,9%
ЮНИСТРИМ	10,4	4,7%	3 562,5	3,8%
Басқа ақша аудару жүйелері	3,2	1,4%	328,1	0,4%
Жалпы жиынтығы	218,8	100,0%	93 603,7	100,0%

Елдер бойынша


Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %- бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Түркия	38,4	17,5%	33 241,1	35,5%
Ресей	85,2	39,0%	23 068,8	24,6%

Өзбекстан	55,7	25,5%	17 630,7	18,8%
Грузия	3,1	1,4%	5 455,4	5,8%
Қытай	2,9	1,3%	3 800,7	4,1%
Қырғызстан	10,6	4,8%	2 738,5	2,9%
Тәжікстан	13,2	6,1%	1 974,1	2,1%
Әзірбайжан	2,1	1,0%	1 223,2	1,3%
Армения	0,6	0,3%	826,4	0,9%
Украина	1,8	0,8%	728,4	0,8%
Басқалары	5,2	2,4%	2 916,5	3,1%
Жалпы жиынтығы	218,8	100,0%	93 603,7	100,0%


Валюталар бойынша

ААЖ арқылы шетелден жіберілген аударымдардың негізгі үлесі АҚШ долларымен (жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі 40,8%, жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі 64,4%) және қазақстандық теңгеде (тиісінше 39,5% және 20,8%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдар жалпы санының үлесі



Жіберілген аударымдар жалпы көлемінің үлесі



ШЕТЕЛДЕН АЛЫНҒАН АҚША АУДАРЫМДАРЫ

2022 жылдың қараша айында Қазақстанға шетелден ААЖ арқылы 60,1 млрд. теңге сомаға 127,5 мың ақша аударымдары жүргізілді. 2022 жылдың қазан айымен салыстырғанда алынған ақша аударымдарының саны 29,0%-ға, ал көлемі 19,1%-ға азайған. Өткен жылдың қарашасымен салыстырғанда шетелден түскен ақша аударымдарының саны мен көлемі сәйкесінше 60,1%-ға және 2,6 есе өскен.

Шетелден түскен ақша аударымдарының көлемі бойынша алдыңғы қатардағы елдер: Ресей – 31,3 млрд. теңге (жалпы сомадағы үлесі 52,0%), Қырғызстан – 8,3 млрд. теңге (үлесі – 13,7%), Өзбекстан - 6,7 млрд. теңге (үлесі – 11,1%), Корея Республикасы – 3,3 млрд. теңге (үлесі – 5,5 %) және де Америка Құрама Штаттары – 3,3 млрд. теңге (үлесі – 5,4%).

Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	65,2	51,1%	30 938,9	51,4%
CONTACT	16,6	13,0%	13 823,3	23,0%
Вестерн Юнион	24,3	19,1%	8 506,7	14,1%
MONEYGRAM	11,4	9,0%	4 343,6	7,2%
ЮНИСТРИМ	6,4	5,0%	2 280,0	3,8%
Басқа ақша аудару жүйелері	3,6	2,8%	243,4	0,4%

Жалпы жиынтығы	127,5	100,0%	60 135,8	100,0%
-----------------------	--------------	---------------	-----------------	---------------


Елдер бойынша

Ел	Саны (мың транзакция)	Жалпы сандағы үлесі, %-бен	Сомасы (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Ресей	70,8	55,5%	31 292,7	52,0%
Қырғызстан	5,9	4,7%	8 262,1	13,7%
Өзбекстан	7,9	6,2%	6 660,0	11,1%
Корея Республикасы	6,1	4,7%	3 295,4	5,5%
Америка Құрама Штаттары	10,4	8,2%	3 257,3	5,4%
Түркия	4,7	3,7%	1 674,1	2,8%
Германия	8,0	6,3%	1 336,0	2,2%
Грузия	0,8	0,6%	572,9	1,0%
Израиль	1,1	0,9%	367,7	0,6%
Тәжікстан	0,9	0,7%	362,5	0,6%
Басқалары	11,0	8,6%	3 055,1	5,1%
Жалпы жиынтығы	127,5	100,0%	60 135,8	100,0%


Валюталар бойынша

ААЖ арқылы шетелден алынған ақша аударымдарының негізгі үлесі АҚШ долларымен (алынған аударымдардың жалпы санының 47,1% және жалпы сомасының 70,7%) және қазақстандық теңге (тиісінше 34,0% және 19,7%) жүргізілді.

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі



ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ АУДАРЫМДАР

Қазақстан аумағында 2022 жылдың қарашасында 5,0 млрд. теңге сомасына 15,8 мың транзакция жүргізілді. 2022 жылғы қазан айымен салыстырғанда ақша аударымдарының саны 38,3%-ға, көлемі 1,9%-ға артқан. Өткен жылдың қарашасымен салыстырғанда Қазақстан аумағында ақша аударымдарының саны 75,2%-ға, ал операциялар көлемі 35,0%-ға азайған.


Ақша аударымдарының жүйелері бойынша

Жүйе	Саны (мың транзакция)	Жалпы санындағы үлесі, %-бен	Сома (млн. теңге)	Жалпы сомадағы үлесі, %-бен
Золотая Корона	1,2	7,9%	1 488,8	29,8%
CONTACT	0,01	0,1%	41,2	0,8%
Вестерн Юнион	0,01	0,1%	20,6	0,4%

ЮНИСТРИМ	0,03	0,2%	1,9	0,04%
Басқа ақша аудару жүйелері	14,5	91,8%	3 440,7	68,9%
Жалпы жиынтығы	15,8	100,0%	4 993,2	100,0%

Валюталар бойынша

Жіберілген аударымдардың жалпы санындағы үлесі



Жіберілген аударымдардың жалпы көлеміндегі үлесі

